

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Кактус гүлі

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.08.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/79596/>

Ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы: «Әлеуметтік орта» .

Бөлімдері: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: «Кактус гүлі»

Мақсаты:Бөлме гүлдерімен, күту ережелерімен таныстыру. Бөлме гүлерін сипаттап, бір- бірінен ажырата білуге үйрету. Бейнелі ойлауын, зейінін, қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Алдын - ала жүргізілетін жұмыстар: Бөлме гүлдері туралы әңгімелеу.

Әдіс - тәсілдер: түсіндіру, сұрақ- жауап, дидактикалық ойын,

Қажетті көрнекі құралдар: Бөлме гүлдері, дала гүлдері суреттері.

Биллингвальді компонент: Гүл- цветый, қызыл- красный

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс -әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Шаттық шеңбері Біз доспыз гүлдермен, Текке оны жұлмаймыз. Той күні бір- бірден, Анамызға сыйлаймыз.	Біз доспыз гүлдермен, Текке оны жұлмаймыз. Той күні бір- бірден, Анамызға сыйлаймыз.

<p>Ұйымдас- тырушылық ізденіс кезеңі</p>	<p>— Жұмбақ жасыру. — Адамдардың барлығы қызығады, ұстай берсең сәні бұзылады. — Ол не? — Балалар мына суретке қараңдаршы, суретте нелердің суретін көріп тұрсыңдар? — Балалар раушан гүл, лала гүл, кактус, түймедақ бұлардың барлығын бір сөзбен біз гүлдер деп атаймыз.</p> <p>— Гүлдер: дала гүлдері, бөлме гүлдері болып бөлінеді.</p> <p>Тәжірибе. Тәрбиеші раушан гүлінің бөлмеде өсетін түрі- « Раушан гүлі» деп аталатынын айтып, өсімдікті көрсетеді. Ол балаларға гүлді тұқым немесе өсінді арқылы отырғызуға болатынын айтады. Балалар екі топқа бөлінеді, тәрбиешінің көмегімен бірінші топ- тұқым, екінші топ- өсінді арқылы ыдысқа гүл отырғызады. Балалар отырғызған гүлдерін табиғат бұрышына қойып, бөлме өсімдіктерін дұрыс күту жолдарымен танысады. — Гүлдердің жапырақтарын сулы мақтамен сүртеді. Жапырақтары ұсақ өсімдіктерді су құйғышпен жууға болады. — Тамырын зақымдап алмай, ағаш таяқшалар көмегімен топырағын қопсытады. — Суды жапырақтарына тигізбей топыраққа құяды. Балалар гүлдерді көктем мен жазда қыстағыдан жиірек суғарады. Сергіту сәті. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып демалам.</p> <p>Балалардан іс- тәжірибе кезінде алған әсерлерімен бөлісу.</p> <p>Ойын: «Мен раушан гүлісін» Ойын шарты: Тәрбиеші балалардың «гүлге айналуын» ұсынады. Әуенді қойғанда, балалар өздерін гүлге балап сезініп, билеп айналады. Әуен тоқтағанда балалар алған әсерлерімен бөліседі.</p> <p>—</p>	<p>Балалардың жауабы. Гүл — Бөлме гүлдерін көріп тұрмыз.</p> <p>Балалар гүлдердің екіге бөлінетінін біледі.</p> <p>Жұмыс барысымен танысады.</p> <p>Балалар отырғызған гүлдерін табиғат бұрышына қояды.</p> <p>Гүлдердің жапырағын сулы мақтамен сүртеді.</p> <p>Тамырын зақымдап алмай, ағаш таяқшалар көмегімен топырағын қопсытады.</p> <p>Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып демалам.</p> <p>Балалар іс- тәжірибе кезінде алған әсерлерімен бөліседі.</p> <p>Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.</p>
<p>Іс – әрекеттің бағалау кезеңі</p>	<p>— Балалар гүлдер нешеге бөлінеді екен? — Гүлдердің түрлерін атаңдаршы?</p> <p>— Балалар бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстыңдар, рахмет.</p>	<p>-Екіге бөлінеді — Раушан, қызғалдақ, лала гүлі, кактус</p> <p>Сау болыңыз!</p>

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Балалар гүлдер екіге бөлінетінін біледі.

-

Меңгерген дағдыларды мен іскерліктері: Балалар іс- тәжірибе арқылы раушан үлін отырғыза біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Гүлдер біздерге қуаныш сыйлайды.

-

-

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.